

**Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 128 "Сырым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 336 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 қыркүйекте № 4558 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 83 қаулысымен

Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 128 "Сырым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 13.03.2017 № 83 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 128 "Сырым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4385 тіркелген , 2016 жылғы 16 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған ) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сырым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің және жергілікті бюджеттен қаржыланатын аудандық атқарушы органдардың "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесінде 31-тармақ орыс тілінде өзгертіледі, мемлекеттік тілде мәтіні өзгертілмейді.

2. Сырым ауданы әкімі аппаратының басшысы (Е.Сарсенов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық

жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сырым ауданы әкімі аппаратының басшысы Е.Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А.Шыныбеков*